

Қостанай облысы әкімиятының 2002 жылғы 20 ақпандағы N 47 "Мүгедектердің жекелеген санаттарын санаторлық-курорттық емдеу үшін облыстық бюджеттің қаражаты есебінен жеңілдіктер беру ережесін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімиятының 2005 жылғы 21 ақпандағы N 62 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2005 жылғы 10 наурызда N 3368 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2009 жылғы 3 тамыздағы № 297 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2009.08.03 № 297 қаулысымен.

Облыс бюджетінің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабына, "Қазақстан Республикасында мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 21 маусымдағы Заңының 44-бабына, "Ұлы Отан соғысына қатысушылар, мүгедектер мен оларға теңестірілген тұлғаларды әлеуметтік қорғау және жеңілдіктер беру" туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 Заңының 20-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 желтоқсандағы N 1758 "2002-2005 жылдарға арналған мүгедектерді оңалту бағдарламасы туралы" қаулысына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қостанай облысы әкімиятының 2002 жылғы 20 ақпандағы N 47 "Мүгедектердің жекелеген санаттарын санаторлық-курорттық емдеу үшін облыстық бюджеттің қаражаты есебінен жеңілдіктер беру ережесін бекіту туралы" қаулысына (мемлекеттік тіркеу нөмірі N 1339, "Қостанайские новости" 2002 жылғы 24 сәуір N 61, "Қостанай таңы" 2002 жылғы 23 сәуір N 32, Қостанай облысы әкімиятының 2004 жылғы 11 ақпандағы N 30 қаулысымен өзгерістер енгізілген (мемлекеттік тіркеу нөмірі 2756, "Қостанай таңы" 2004 жылғы 2 наурыз N 25) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыптағы "мүгедектердің" деген сөз "азаматтардың" деген сөзбен ауыстырылсын ;

осы қаулымен бекітілген мүгедектердің жекелеген санаттарын санаторлық-курорттық емдеу үшін облыстық бюджеттің қаражаты есебінен жеңілдіктер беру ережесінде тақырыптағы "мүгедектердің" деген сөзбен

ауыстырылсын, кіріспе алынып тасталсын;

1-тармақта: "мүгедектердің" деген сөз "азаматтардың" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақта: "мүгедектердің", "мүгедектер" деген сөздерді "азаматтардың", "азаматтар" деген сөздермен ауыстырылсын;

3)-тармақша алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 5), 6) тармақшалармен толықтырылсын:

"5) Ұлы Отан соғысына қатысушылар;

6) зейнеткерлік жасқа жеткен 2, 3 топтағы мүгедектер";

3 - тармақта :

"мүгедектердің" деген сөз "азаматтардың" деген сөзбен ауыстырылсын;

"еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармалары" деген сөздер "жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері" деген сөзбен ауыстырылсын;

4 - тармақта :

1)-тармақшада "мүгедектің" деген сөз "азаматтың" деген сөзбен ауыстырылсын;

4)-тармақшада "мүгедектері" деген сөзден кейін "мен қатысушылары" деген сөздермен толықтырылсын;

5 - тармақта :

1)-тармақшада "2" саны "6" санымен ауыстырылсын;

2)-тармақша алынып тасталсын;

9-тармақта "мүгедектердің" деген сөз "азаматтардың" деген сөзбен ауыстырылсын;

11-тармақта "мүгедекке" деген сөз алынып тасталсын;

13 - тармақта :

"облыстық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы" деген сөздер "Қостанай облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті" мемлекеттік мекемесі" (бұдан әрі - департамент) деген сөздермен ауыстырылсын;

13-1, 13-2-тармақтары мынадай мазмұнымен толықтырылсын:

"13-1. Ереженің 2-тармағындағы 1), 2), 4)-тармақшаларында көрсетілген тұлғалар "Санаторлық-курорттық емдеу бойынша жеңілдіктер" бюджеттік кіші бағдарлама шеңберінде ақысыз санаторлық-курорттық жолдамалармен қамтамасыз етіледі.

13-2. Ереженің 2-тармағындағы 5), 6)-тармақшаларында көрсетілген тұлғалар "Мүгедектер мен ардагерлерді оңалту" кіші бағдарламасы шеңберінде ақысыз санаторлық-курорттық жолдамалармен қамтамасыз етіледі";

14 - тармақта :

"мүгедектердің" деген сөз "азаматтардың" деген сөзбен ауыстырылсын;

"облыстық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы" деген сөздер "департамент" деген сөзбен ауыстырылсын;

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Департамент аудандық (қалалық) уәкілетті органдары берген тізімдерге сәйкес санаторлық-курорттық емдеу жолдамаларын белгіленген мақсат бойынша пайдалану үшін қабылдау-табыстау актісін ресімдеп аудандық, қалалық және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдеріне бөліп береді.";

16 - т а р м а қ т а :

"мүгедектің" деген сөз "азаматтың" деген сөзбен ауыстырылсын;

"туған жылы, әлеуметтік деңгейі" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау облыс әкімінің орынбасары Г.Қ. Құсайыноваға жүктелсін.

Қ о с т а н а й о б л ы с ы

әкімінің міндетін атқарушы